

Төлем туралы ақпарат

Төлемдер. Банк картасымен онлайн төлеу

Біздің сайт интернет-эквайрингке қосылған және Сіз Қызметті Visa немесе Mastercard банк картасымен төлей аласыз. Тандалған Тауарды немесе қызметті растағаннан кейін CloudPayments процессинг орталығының төлем парақшасы бар қорғалған терезе ашылады, онда Сіз өзіңіздің банк картаңыздың деректерін енгізуіңіз қажет. Карта ұстаушысының қосымша аутентификациясы үшін 3-D Secure протоколы қолданылады. Егер Сіздің Эмитент банкіңіз осы технологияны қолдаса, Сіз қосымша сәйкестендіруден өту үшін оның серверіне бағытталасыз. Қосымша сәйкестендіру ережелері мен әдістері туралы ақпаратты Сізге банк картасын берген Банктен нақтылаңыз.

Онлайн төлем қызметі Visa және MasterCard халықаралық төлем жүйелерінің ережелеріне сәйкес төлемнің құпиялылығы мен қауіпсіздігін сақтау қағидаттарында жүзеге асырылады, бұл үшін жабық байланыс арналары арқылы деректерді тексеру, шифрлау және берудің ең өзекті әдістері пайдаланылады. Банк картасының деректерін енгізу CloudPayments төлем парақшасында қорғалған терезеде жүзеге асырылады.

Төлем парақшасындағы өрістерге карта нөмірін, карта иесінің атын, картаның жарамдылық мерзімін, үш таңбалы қауіпсіздік кодын (VISA үшін CVV2 немесе MasterCard үшін CVC2) енгізу қажет. Барлық қажетті деректер банк картасының бетінде көрсетіледі.

CVV2/CVC2 — бұл картаның артқы жағында орналасқан үш таңбалы қауіпсіздік коды.

Содан кейін сол терезеде 3-D Secure кодын енгізу үшін Сіздің эмитент банкіңіздің беті ашылады. Егер сізде статикалық 3-D Secure орнатылмаған болса, ол сіздің телефон нөміріңізге SMS арқылы жіберіледі. Егер 3-D Secure коды Сізге келмесе, онда сіз эмитент банкіңізге хабарласуыңыз керек.

3-D Secure - бұл интернет желісінде карталар бойынша төлемдердің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ең заманауи технологиясы. Операцияны жүзеге асыратын карта ұстаушының түпнұсқалығын біржақты анықтауға және карта бойынша алаяқтық операциялардың қаупін барынша азайтуға мүмкіндік береді.

Қауіпсіздік кепілдіктері

CloudPayments процессинг орталығы Сіздің банк картаңыздың деректерін PCI DSS 3.0 қауіпсіздік стандарты бойынша қорғайды және өңдейді. Ақпаратты төлем шлюзіне беру SSL шифрлау технологиясын қолдану арқылы жүзеге асырылады. Ақпаратты одан әрі беру сенімділіктің ең жоғары деңгейіне ие жабық банктік желілер арқылы жүзеге асырылады.

CloudPayments Сіздің картаңыздың деректерін бізге және басқа үшінші тұлғаларға бермейді. Карта ұстаушысының қосымша аутентификациясы үшін 3-D Secure протоколы қолданылады.




Жеткізу ережелері

Үйге немесе офиске жеткізу

Жеткізу қызметі 09:00-ден 20:00-ге дейін жұмыс істейді.

Төлем қолма-қол ақшамен немесе банк картасымен жүргізіледі.



Ақша қаражаттарын қайтару

Төлем карталары арқылы онлайн-төлем жүргізу кезінде қолма-қол ақша қаражаттарымен қайтаруға жол берілмейді. Қайтару тәртібі халықаралық төлем жүйелерінің ережелерімен реттеледі:

1. Тұтынушы тауарды бергенге дейін кез келген уақытта одан бас тартуға құқылы, тауарды бергеннен кейін бас тартуды 14 күн ішінде ресімдеу қажет;
2. Егер тауардың тауарлық түрі, тұтыну қасиеттері, сондай-ақ аталған тауарды сатып алу фактісі мен шарттарын растайтын құжат сақталған жағдайда, тиісті сападағы тауарды қайтару мүмкін болады;
3. Егер көрсетілген тауарды тек оны сатып алатын адам ғана пайдалана алатын болса, тұтынушы жеке-белгілі бір қасиеттері бар тиісті сападағы тауардан бас тартуға құқылы емес;
4. Тұтынушы тарапынан тауардан бас тартқан кезде сатушы тұтынушы тиісті талап қойған күннен бастап он күннен кешіктірмей тұтынушы төлеген ақшалай соманы оған қайтаруға тиіс.

Банк картасына ақшалай қаражатты қайтару үшін компанияның талабы бойынша электрондық мекенжайға жіберілетін «Ақшалай қаражатты қайтару туралы өтінішті» толтыру және оны жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесімен бірге мына мекенжайға жіберу қажет: **info@umami.kz**

Ақшалай қаражатты қайтару Компания «Ақшалай қаражатты қайтару туралы өтінішті» алған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде банк картасына жүзеге асырылады.

Қателіктермен жүргізілген операциялар бойынша ақшалай қаражатты қайтару үшін жазбаша өтінішпен және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесімен және қате есептен шығарылғанын растайтын чектермен/түбіртектермен жүгіну қажет. Осы өтінішті мына мекенжайға жолдау қажет: **info@umami.kz** Қайтару сомасы сатып алу сомасына тең болады. Өтінішті қарау және ақшалай қаражатты қайтару мерзімі Компания Өтінішті алған сәттен бастап есептеле бастайды және мереке/демалыс күндерін есептемегенде жұмыс күндерінде есептеледі.

Төлем жасаудан бас тарту жағдайлары:

- банк картасы интернет арқылы төлем жасауға арналмаған, ол туралы Өзіңіздің Эмитент банкіңізге хабарласу арқылы білуге болады;
- банк картасында төлеу үшін қаражат жеткіліксіз. Төлем картасында қаражаттың болуы туралы толығырақ Сіз банк картасын шығарған банкке хабарласу арқылы біле аласыз;
- банк картасының деректері дұрыс енгізілмеген;
- банк картасының жарамдылық мерзімі аяқталды. Картаның жарамдылық мерзімі әдетте картаның алдыңғы жағында болады(бұл карта жарамды болып келетін ай мен жыл). Картаның жарамдылық мерзімі туралы толығырақ Сіз эмитент банкке хабарласу арқылы біле аласыз.

Банк картасының көмегімен төлеу мәселелері және сайттың жұмысына байланысты өзге де мәселелер бойынша мына телефондар бойынша хабарласуға болады: **+7 (702) 777 91 71**

Құпиялылық

1. Анықтамалар

www.umami.kz интернет жобасы (бұдан әрі - URL, «біз») өз клиенттері мен **www.umami.kz** сайтқа кірушілердің (бұдан әрі- «сіз», «сайтқа кірушілер») ақпаратының құпиялылығы мәселесіне байыпты қарайды. Біз сайтқа кірушінің дербес деректері бар ақпаратты (мысалы: ТАӘ, логині немесе компания атауы), сондай-ақ сіз URL сайтында жасаған әрекеттеріңіз туралы ақпаратты дербестендірілген деп атаймыз. (мысалы: сайтқа кірушінің оның байланыс ақпаратымен тапсырыс беру). Анонимді деп біз белгілі бір сайтқа кірушімен нақты сәйкестіндіре алмайтын деректерді атаймыз (мысалы: сайтқа кіру статистикасы).

2. Ақпаратты пайдалану

Біз сайттың белгілі бір кірушісінің дербестендірілген ақпаратын оған сапалы қызмет көрсетуді және оларды есепке алуды қамтамасыз ету үшін ғана пайдаланамыз. Біз URL сайтына кірушілердің дербестендірілген деректерін басқа сайтқа кірушілерге ашпаймыз. Біз ешқашан дербестендірілген ақпаратты көпшілікке жарияламаймыз және

біз оны үшінші тұлғаларға бермейміз. Мұндай ақпаратты уәкілетті мемлекеттік органдарға беру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген жағдайлар ғана ерекшелік болып табылады. Біз жиналған анонимді деректерге негізделген есептерді ғана жариялаймыз және таратамыз. Бұл ретте есептерде қызметтерді пайдаланушылардың дербестендірілген деректерін сәйкестендіруге болатын ақпарат болмайды. Біз сондай-ақ мақсаты URL өнімдері мен қызметтерін дамытуға бағытталған ішкі талдау үшін анонимді деректерді пайдаланамыз

3. Сілтемелер

www.umami.kz сайтында біздің компанияға қатысы жоқ және үшінші тұлғаларға тиесілі басқа сайттарға сілтемелер болуы мүмкін. Біз үшінші тұлғалардың сайттарында орналастырылған мәліметтердің дәлдігі, толықтығы және дұрыстығы үшін жауап бермейміз және сіз осындай сайттарда қалдырған ақпараттың құпиялылығын сақтау бойынша ешқандай міндеттемені алмаймыз.

4. Жауапкершілікті шектеу

Біз осы құпиялылық саясатын сақтау үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймыз, алайда нәтижесінде ақпарат ашылуы мүмкін біздің ықпалымыздан тыс факторлардың әсерінен ақпараттың сақталуына кепілдік бере алмаймыз. **www.umami.kz** сайты және онда орналастырылған барлық ақпарат ешқандай кепілдіксіз «сол күйінде» қағидаты бойынша ұсынылады. Біз қолайсыз салдарлар үшін, сондай-ақ URL сайтына кіруді шектеу немесе сайтқа кіру және онда орналастырылған ақпаратты пайдалану салдарынан келтірілген кез келген жағымсыз залалдар үшін жауап бермейміз.

5. Байланыс деректері

Осы саясатқа қатысты мәселелер бойынша мына мекенжайға хабарласыңыз: **info@umami.kz**

6. Заңды тұлға

«УМАМИ» ЖШС

БСН: 190 440 011 185

ИИК: KZ19722S000032196613

«Kaspi Bank» АҚ

БСК/БИК: CASPKZKAIИИК

KZ406018771000209381 (KZT)

ИИК: KZ616018771000209391 (RUB)

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның Алматы қаласындағы филиалында

БСК/БИК: HSBKKZKX

Мекенжайы: Алматы қ., Жамбыл к-сі, 55/57